

Аға-тәлімгердің жылында атқарылған жұмысының есебі

Қыркүйек

2022-2023 оқу жылында Бірлік негізгі мектебінде 1- қыркүйек Білім күніне арналған «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» атты салтанатты жиынымыз өткізілді. Салтанатты жиында мектеп табалдырығын алғаш аттаған барлық 1- сынып оқушыларына «Әліппе» оқулығы сый ретінде берілді. Оқушылар үшін «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» атты сынып сағаты өткізілді.

Отбасы күні қарсаңында мектепте 1-9 сыныптарға арналған конкурстар өткізілді: 1-4 суреттер конкурсы "Менің отбасым" коллаждар конкурсы өтті. 23- қыркүйегінде мектебімізде Мектеп Парламентінің Президентін сайлау өткізілді.



29.09.2022

Қазақ қарты жасына лайық ауызы дуалы, сөзі берекелі, ісі тыңғылықты, ойы терең, ақылы тілегей теңіз болып келеді. Міне, осындай теңеуге лайық қарияларды жылына бір рет келетін 1- қазан Қарттар күнімен құттықтадық! Осыған орай мектебімізде «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты кешіміз өткізілді.



30.09.2022

Мектебімізде «Ұстаздар күні» мерекесіне арналған «Ұстаздар - ұлы тұлғалар» атты мерекелік жиын өтті.



Қазан

Жыл сайын мол байлығын ұсынар күз маусымы келгенде мектептер, балабақшалар тақырыпқа сәйкес безендіріліп, осы бағыттағы түрлі танымдық-мерекелік шаралар тәрбиелік мәні зор құралға айналады. Сөзіміз дәлелді болу үшін айта кетейік, таяуда Бірлік негізгі мектебінде «Алтын күз» шарасы ұйымдастырылып, жас өскіндердің таным-түсінігіне оң әсерін тигізетін мағлұматтар берілді, балалар өздері жаттаған әндерін айтып, көріністер қойды.



22.10.2022

25- қазан Республика күніне орай мерекелік іс – шара ұйымдастырылды.



Қараша

31.10.2022

Демалыс кезінде біздің балалар бос отырмады. Демалыс уақытында оқушылардың уақыттарын тиімді пайдалану үшін мектебімізде «Алтын қақпа» тақырыбында интеллектуалды ойын өткізілді.



Волонтерлік «Асар» челленджі аясында, жалғыз басты қарттарға көмек көрсетілген болатын.




Желтоқсан

20.12.2022

«Жаңа жылыңызбен» тақырыбында шәкірттердің құттықтау дәстүрлеріміз» тақырыбында бейнежазба түсірілді.



birlik_negizgi_mektebi
birlik_negizgi_mektebi · Оригинальная аудиод...



Нравится bekrat.akparova и ещё 39

birlik_negizgi_mektebi Келе жатқан жаңа жыл құтты болсын!!!

#жаңажыл

#2023

#бірлікнегізгімектебікмм

#копдмонрк

20.12.2022

Мектепте мерекелік безендіру қамтамасыз етілді.



28.12.2022

Жаңа жыл - әр үйде, әр отбасында күтілетін ең сүйікті, мейірімді, ертегі мерекесі. Жаңа жыл әрқашан ғажайыпты, сиқырлы өзгерістерді, шытырман оқиғаларды және таңғажайып өзгерістерді күтеді. Адамдар жаңа жылда мейірімді және бақытты болады. Сиқырлы түнде жарқыраған шыршаларда барлығы көңілді және тілектер айтылады. Сондықтан біздің мектепте жаңа жылдық кешті өткізуге ерекше ат салысады.

Тапсырмалар:

- эмоционалды жауап беру қабілетін дамыту;
- орындаушылық қызметпен таныстыру: би, ойын, ән айту;
- мерекеде өзін-өзі ұстау, өзін қуанту және басқаларға қуаныш сыйлау қабілетін тәрбиелеу.

2022 жыл 30 желтоқсанда Бірлік негізгі мектебінде жаңа жылдық кеш өткізілді. Дайындық мереке басталғанға дейін басталды. 1-9 сынып жетекшілері балалармен өлеңдер, әндер, билер, жаңа жылдық билер үйретті, Мұғалімдер сынып бөлмелерін, мектеп дәлізін безендіру бойынша үлкен жұмыс жасады.

Жаңа жылдық кешке көптеген қонақтар келді. Балалар мерекені күткенде талғампаз, көңілді қойылымға келді және олардың үміттері ақталды. Жаңа жылдық қойылымға қатысқан ұстаздар өздерінің барлық шығармашылық шеберліктерін, әртістіктерін, ынта-жігерін және ұйымдастырушылық қабілеттерін көрсете отырып, өздерін жақсы әртістер ретінде көрсетті. Олар Сиқыршы және басқа да ертегі кейіпкерлеріне айналуға мәжбүр болды, қойылым кезінде музыкаға жауапты болды.



Кешкілік даңққа жетті, көңілді өтті. Балалар мен олардың ата-аналары жаңа жылдық қойылымның ұйымдастырушылары мен қатысушыларына қуаныш пен

жақсы көңіл-күй сыйлағаны үшін алғыс айтты. Қойылымнан кейін балалар өлең оқып, Аяз Ата мен Ақшақарға ән айтып, ертегінің барлық кейіпкерлерімен суретке түсіп, жаңа жылдық сыйлықтар алды.

Ақпан

07.02.2023

«Біздің жерлесіміз – Ауғанстанның жауынгері» Бірлік негізгі мектебінде Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу өтті. Шараға ауған соғысының ардагері Есенбергенов Мұхтар Есильбаевич тақырып аясында әскери патриоттық, туған жерге деген сүйіспеншілік, ерлік туралы әңгімелер қозғаса, мектеп директорының міндетін атқарушы Жатаева Гульмира Ережеповна шара барысын қорытындылап, қонақтарға шараға атсалысқандары үшін алғыс білдірді.



08.02.2023

Мектебімізде Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылғанына Ауғанстаннан шығарылғанына 34 жыл толуына арналған фотокөрме ұйымдастырылды.



Наурыз

1-наурыз күні "Алғыс айту - парызым!" атты ризашылық күніне арналған мерекелік концертіміз өткізілген болатын.

2016 жылғы 14 қаңтарда 1 наурызды «Алғыс айту күні»- деп жарияланды. Тұңғыш рет Алғыс айту күні деп жариялау туралы № 173 Жарлыққа қол қойды.

Алғыс айту күні – бұл, ең алдымен, елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік бейбітшілік пен келісім саясатының салтанатты күні. Бұл – тағдыр

төлкегімен Қазақстан жеріне еріксіз қоныс аударған түрлі этностардың миллиондаған өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жері мен қонақжай қазақ халқына терең тағзым белгісі. Қазақ халқы қиын – қыстау заманда олардың басына түскен ауырпалықты қайыспай бірге көтере білді, бұл бүгінгі таңда еліміздің түрлі ұлт өкілдерінің арасында адамгершілік қарым - қатынастың өнегелі өлшеміне айналды.



03.03.2023

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай мектебімізде «Аналарға сыйлық» тақырыбында мастер-класс өткізілді.



06.03.2023

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған іс – шаралар жоспары бойынша мектебімізде «Әйел – ана, әйел — жар» тақырыбында сайыс өткізілді.



07.03.2023

Бірлік негізгі мектебінде 8-Наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған «Сыйынар ем ана деген тәңірге» атты мерекелік кеш өткізілді.

Бұл іс-шараға барлық ата-аналар қатысты, барлық балаларда қуана қатысты. Әр бала өз өнерлерімен аналарына қуаныш сыйлады. Бірі ән салса екіншісі би билеп тамсандырды. Кешімізді «Анашым» әнмен ашып және аналарына арналған тақпақтарын жатқа айтты. Оқушылар арасында «Ұлдар қыздарға гүл ұсыну» атты ойын ойнатылды. Кеш соңында бүлдіршіндеріміз аналарына арнап жасаған ашық хаттармен гүлдерін табыстады. Аналар бүлдіршіндерінің өнеріне тәнті болып, балапандарымен бірге суретке түсіп, өз лебіздерін білдірді.



17.03.2023

Мектебімізде Наурыз мейрамына орай «Қош келдің, өз Наурыз!» атты мерекелік кеш өткізілді.

22 наурыз «Ұлыстың ұлы күні» қарсаңында күннің шығуын қарсы алу үшін 10 сағаттық «Бастаңғы» шарасы өткізілді. Бұл күні мерекелік шаралар ұйымдастырылады. Одан кейін Наурыз мейрамын жаппай тойлау басталады. Сахналарда театрландырылған қойылымдар мен жергілікті өнерпаздардың концерттік бағдарламасы, ұлттық спорт түрлерінен жарыстар мен көше циркінің қойылымдары өтеді.

Мектеп оқушыларын төрт ауылға бөліп, салт – дәстүрлер мен мерекелік концертке дайындалған болатын.



Сәуір

20.04.2023

«Чернобыль – адамзат азабы» стендін ұйымдастыру



25.04.2023

Чернобыль атом электр станциясындағы апатты жоюшыларға арналған білім беру ұйымдарында мерекелеуді дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарына сай 25- сәуір «Ерлік болған жер – Чернобыль. Бейбіт уақыт» тақырыбында есте сақтау сабағы өтті.



Мамыр

27.04.2023

Қазақстан халқының бірлігі мерекесін дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарына сай 5-7 сынып оқушылары арасында «Достық – біздің тірегіміз» атты суреттер байқауы өтті.



27.04.2023

Қазақстан халқының бірлігі мерекесін дайындау және өткізу жөніндегі іс- шаралар жоспарға сай «Татулық тамыры - достық» тақырыбында көрме ұйымдастырылды.



Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған «Жас ұрпақ бір шаңырақтың астында» атты мерекелік концерт.



06.05.2023

«Отан қорғаушылар» және «Ұлы Жеңіс күні» мерекесін дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар бойынша мектебімізде «Еңсесі биік Ұлы Жеңіс» тақырыбында мерекелік іс- шара ұйымдастырылды.



15.05.2023

«Отбасы ағашы» республикалық акциясын өткізу, оның аясында «Мерейлі отбасы» Ұлттық байқауы өткізілді.



Маусым

01.06.2023

2022-2023 оқу жылында Бірлік негізгі мектебінде 1 - маусым соңғы қоңырау күніне арналған «Құлақтан үнің кетпестей, Сыңғырла, соңғы қоңырау» атты салтанатты жиынымыз өткізілді.

9 сынып оқушысы «Жас түлек – 2023» Абилкасова Жанеркені салтанатты түрде шығарып салдық.

Мерекелік іс шараны мектеп директорының міндетін атқарушы Жатаева Гульмира Ережепқызы мен арнайы шақырылған қонағымыз жер қатынасы бөлім ұйымынан келген Жакупов Жеңіс Калкашевич пен мектеп оқушылары мен ата-аналардың құттықтау сөзімен басталды. Салтанатты жиын оқушылардың мерекелік сазды бағдарламасымен жалғасты.



Аға тәлімгердің 2022 - 2023 оқу жылы есебінің қортыныдысы

Өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыруына жұмыстар жүргізілді. Балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттырдық. Танымдық жұмыстарын ынталандыру барынша қолға алынды. Балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін

қолайлы жағдай жасалынды. Жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілетін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту жұмыстары үнемі жүргізілді. Оқу жылының басында жоспарланған іс-шаралардың барлығы уақытылы өткізілді.